

№ 19 жалпы білім беретін мектебінде 18.01.2021-22.01.2021ж. аралығында өткен математика пәні апталығының нәтижесі бойынша ақпарат.

Мектеп жоспарына сәйкес, оқушылардың ойлау қабілетін дамыту, математика пәні бойынша білімдерін тереңдету, пәнге қызығушылығын арттыру мақсатында 18-22 қаңтар аралығында мектепте математика пәні апталығы өткізілді. Іс-шара жоспары математика-жаратылыстану бағыты әдістемелік бірлестік отырысы шешімімен және мектеп директорының келісімімен жасалынды.

Апталықта сыныптан тыс іс-шаралар мен ашық сабақтар, әртүрлі байқаулар қамтылды. Қашықтан оқыту кезіндегі шектеу шараларына байланысты барлық сабақтар ZOOM платформасында өткізілді.

Апталық аясында төмендегідей іс-шаралар: 5-ші сыныптар арасында «Қызықты математика» және «Математикалық поезд» ойын сабақтары, 7-ші сыныптар арасында «Көңілді математика сағаты», және «Жүзден жүйрік» ойындары, 6-шы сыныптар арасында «Білгірлер бәйгесі» тақырыбында сайыс сабағы, 8-ші сыныптар арасында «Ескіrmес есеп шахарында» тақырыбында турнир және жоғары сыныптардың қатысуымен «Көшбасшы» ойыны өткізілді. Пән мұғалімдері іс-шараларды әртүрлі қызықты формада, яғни викториналық сұрақтарға жауап беру, кроссвордтар мен ребустарды құру және шешу, логикалық есептерді шешу түрінде ұйымдастырды. Сондай-ақ апталықты өткізу барысында «Математика және поэзия» тақырыбында ұйымдастырылған іс-шарада оқушылар математикаға арналған өлең-жырларды мәнерлеп оқып, видеолар жолдады.

Апталықты өткізу барысында мұғалімдер өздерінің ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете білді. Шығармашылық мерекелік көңіл-күйдің қалыптасуына, мұғалімдердің шығармашылық қабілеттерінің дамуына, өздерін ықпал ете алатын тұлға ретінде тануына осындай жұмыстарды ұйымдастырудың маңызы зор. Оқушылар пән бойынша өз білімдерін және әртүрлі жағдайларда, яғни стандартты емес қиын тапсырмаларды орындау дағдыларын көрсете алды.

Апталықта өткізілген іс-шаралардың қызықты, әртүрлі және дәстүрлі емес формада ұйымдастырылуы оқушылардың математика пәніне қызығушылығын арттырып, оқуға ынталандырады.





